

"Кенді, кенсіз және ұсақ тау жынысты кен орындарын ашық тәсілмен игеру үдерістерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 қарашадағы N 1939 Қаулысы . Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 30.01.2017 № 29 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 30.01.2017 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Кенді, кенсіз және ұсақ тау жынысты кен орындарын ашық тәсілмен игеру үдерістерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2009 жылғы 26 қарашадағы
N 1939 қаулысымен
бекітілген

"Кенді, кенсіз және ұсақ тау жынысты кен орындарын ашық тәсілмен игеру үдерістерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті

1. Қолданылу саласы

1. Осы "Кенді, кенсіз және ұсақ тау жынысты кен орындарын ашық тәсілмен игеру үдерістерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті (бұдан әрі - Техникалық регламент) пайдалы қазбалардың кенді, кенсіз және ұсақ тау жынысты кен орындарын ашық тәсілмен игерумен байланысты өндірістік үдерістердің қауіпсіздігіне қойылатын ең төменгі талаптарды белгілейді.

2. Мыналар:

1) тау-кен жыныстарының тұрақсыздығы;

- 2) қолданыстағы электр қондырғылары;
- 3) су басу қаупі;
- 4) жанғыш пайдалы қазбалардың өздігінен тұтануы;
- 5) персоналдың дұрыс емес әрекеті;
- 6) таулы жердегі көшкіндер мен селдер;
- 7) ауа ортасының ластануы;
- 8) радиациялық қауіптілік;
- 9) Жарылыс, өрт қауіптілігі жол берілмеуі тиіс негізгі қауіпті факторлар (қауіп-қатерлер) болып табылады.

2. Терминдер мен анықтамалар

3. Осы Техникалық регламентте өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы және Техникалық реттеу саласындағы заңнамада белгіленген терминдер мен анықтамалар, сондай-ақ тиісті анықтамаларымен мынадай терминдер қолданылады:

1) ашық тау-кен жұмыстары - ашық тау-кен қазбаларында, жер бетімен тікелей жүргізілетін тау-кен жұмыстары;

2) берма - карьердің жұмыс жүргізілмейтін ернеуіндегі биіктігі бойынша жапсарлас кемерлерді бөлетін көлденең алаң;

3) драга - ұсақ тау жынысты пайдалы қазбалардың кен орындарын қазуға арналған мамандандырылған тау-кен байыту жабдығы;

4) кенжар - тау-кен жыныстарының сілеміндегі немесе үйіндідегі кеңістікте орналасатын, қазу объектісі болып табылатын қабаты;

5) кемер - биіктігі бойынша жұмыс алаңдарымен, бермалармен шектелген карьер ернеуінің бөлігі;

6) қазылған кеңістік — пайдалы қазбалар мен аршу жыныстарын алғаннан кейін түзілетін кеңістік;

7) құлау призмасы - кемер сілемінің оның еңісі жағынан тұрақсыз бөлігі;

8) өндіру — жер қойнауынан пайдалы қазбаларды алу бойынша өндірістік үдерістердің кешені;

9) тау-кен жұмыстары - минералды-шикізат ресурстарын шығаруға және олардан қоғамдық пайдалы өнімдерді алуға бағытталған жер қойнауын қайта өзгерту бойынша үдерістердің кешені;

10) тау-кен сілемін тасымалдау - аршу жыныстары мен пайдалы қазбаларды кенжарлардан жер бетіне, үйінділерге, тұтынушылардың қабылдау бекеттеріне немесе қоймаларға орналастыру үдерісі;

11) паспорт (кен ісінде) - тау-кен жұмыстарын жүргізу өлшемдері мен тау-кен жабдығын орналастырудың өзара байланысын көрсете отырып, тау-кен жұмыстарын жүргізу тәртібін анықтайтын құжат.

3. Пайдалы қазбалардың кен орындарын ашу кезіндегі қауіпсіздікке қойылатын талаптар

4. Пайдалы қазбалардың кен орындарын ашу жұмыстары жұмыс жобалау құжаттамасына сәйкес жүргізіледі.

5. Пайдалы қазбалардың кен орындарын игерудің жобалау құжаттамасы өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ететін технологиялық үдерістерді, жабдықтарды, қондырғыларды қолдануды қарастыруы, жоспарланатын қызметтің қоршаған ортаға әсерінің бағасын қамтуы тиіс.

6. Пайдалы қазбалардың кен орындарын ашу әдістері жұмыс немесе адамдардың жүріп-тұратын және жабдық орындарында ернеулердің, кемерлер мен бермалардың тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

7. Кемерлерді жабу, оларды шекті қалпына қою кезінде пайдалы қазбалардың кен орындарын игерудің жобалау құжаттамасында белгіленген ернеулердің еңістерінің жалпы бұрышы сақталады.

8. Тау-кен жұмыстарын жүргізу кезінде ернеулердің, орлардың, кемерлердің, еңістер мен үйінділердің жай-күйін жүйелі бақылау, маркшейдерлік және геофизикалық қадағалау жүзеге асырылады. Тау-кен жыныстарының сырғу белгілері анықталған жағдайда тау-кен жыныстарының сырғу белгілері анықталған орындағы жұмыстар тоқтатылады және олардың тұрақтылығын қамтамасыз ету шаралары қолданылады.

9. Тау-кен жұмыстарын жүргізу аймағындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін кемерлерді салбыраңқылар мен қалқаншалардан бүрмелеу жүргізіледі.

10. Шөгіндіге бейім кен орындарын игерудің жобалау құжаттамасында қауіпсіздік шаралары көзделеді.

11. Өздігінен тұтануға бейім пайдалы қазбалардың кен орындарын игеру кезінде тұтануға кедергі келтіретін шаралар қолданылады.

12. Көшкін қаупі мен сел қаупі бар аймақтарда жұмыс жүргізу кезінде қар көшкіні мен сел ағыстарынан қорғау шаралары жүзеге асырылады.

13. Ескі және су басқан қазбалар, ұңғымалар мен су айдындары тау-кен жұмыстарын жүргізу сызбасында көрсетілуі тиіс.

Су басқан қазбалардың немесе су айдындарының жанында тау-кен жұмыстары судың болдырмау үшін кентіректер қалдырып жүргізіледі.

4. Тазалау жұмыстары кезіндегі қауіпсіздікке қойылатын талаптар

14. Тау-кен жыныстары сілемінің бұзылуын, тау-кен сілемін тиеуді және жинауды қамтитын пайдалы қазбаларды тазалап қазудың өндірістік үдерістері пайдалы қазбалардың кен орындарын игерудің қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс.

15. Тау-кен, көлік, құрылыс-жол машиналары жарамды күйде болуы тиіс және дабыл құрылғыларымен, тежеуіштермен, қол жетімді қозғалғыш бөлшектерді қоршағыштармен, өртке қарсы құралдармен жарақталады, жарық беретіні, жарамды құрал-сайман жинағы және тиісті бақылау-өлшеу аппаратурасы болуы тиіс.

16. Тау-кен көлік жабдығы, көлік коммуникациялары, электрмен жабдықтау және байланыс желілері құлау призмасының шегінен тыс кемерлердің жұмыс алаңдарында орналасуы тиіс.

Кемердің жұмыс алаңының ені қолданылатын технологиялық жабдықты ескере отырып, есеппен анықталады.

17. Бұрғылау жұмыстары паспортқа сәйкес жүргізілуі тиіс.

Бұрғылауды бастағанға дейін учаскеде жарылғыш материалдардың жарылмаған зарядтары мен оларға себепші құралдарды анықтау үшін бұрғылау орнына тексеру жүргізілуі тиіс.

Бұрғылағаннан кейін диаметрі 250 мм астам ұңғыма сағалары жабылуы тиіс.

Пайдалануға жатпайтын барлап бұрғылау ұңғымалары жойылуы тиіс.

18. Кемерде бұрғылау қондырғысы жоспарланған алаңда, кемердің жоғарғы жиегінен қауіпсіз қашықтықта, бірақ кемердің жиегінен кемінде 2 м қашықтықта орналасуы тиіс.

19. Тұтануға бейім тау-кен жыныстарында отпен (термиялық) бұрғылау станоктарымен бұрғылауға тыйым салынады.

20. Перфораторлармен және электрлік бұрғылармен бұрғылау кезінде жұмыс бермасының ені кемінде 4 м болуы тиіс.

21. Экскаватор кемерде немесе жоспарланған алаңдағы үйіндіде орналасуы тиіс. Кемер, үйінді еңісінің немесе көлік құралы мен қосалқы жүк экскаваторы арасындағы қашықтық тау-кен геологиялық жағдайлар мен жабдықтың түріне байланысты кенжардың паспортымен белгіленеді.

22. Экскаваторда кенжарлардың паспорттары болуы тиіс. Паспорттарда жұмыс алаңдарының, бермалардың, еңіс бұрыштарының шекті өлшемдері, кемердің биіктігі мен тау-кен және көлік жабдығынан бастап кемердің жиегіне немесе үйіндіге дейінгі қашықтық көрсетілуі тиіс.

23. Экскаватор жұмыс істеп тұрған кезде кемердің құлау немесе шегу қаупі төнген жағдайда немесе жарылғыш материалдардың жүрмей қалған зарядтары анықталған кезде экскаватордың жұмысы тоқтатылуы және экскаватор кенжардан шығарылуы тиіс.

24. Рельс жолдары мен көп шөмішті экскаватор жолдарының еңістері мен радиустары экскаватордың техникалық паспортымен рұқсат берілетін шекте белгіленуі тиіс.

25. Егер қазылатын қалыңдықта шөгіндіге бейім жыныс болмаған және ылди мен жұмыс алаңының тұрақтылығы қамтамасыз етілген жағдайда, төменнен көсір алатын көп шөмішті экскаваторлармен жұмыс істеуге болады.

26. Роторлы экскаваторлар конвейерлермен және үйінді түзгіштермен кешенде жұмыс істеген кезде, сондай-ақ көп шөмішті экскаваторлар конвейерге тиіп жұмыс істеген кезде жекелеген аппараттар мен машиналарды басқару және электр жетектері бұғатталуы тиіс. Бұл ретте аппараттар мен технологиялар тізбектерінің схемасына сәйкес рет-ретімен жабдықты іске қосу және тоқтатып көзделуі тиіс.

27. Көлік-үйінді көпірлері мен консольді үйінді түзгіштер желдің жылдамдығы мен бағытын үздіксіз автоматты өлшеу құралдарымен жабдықталуы, авариялық дабылымен және жүріс тетіктерін басқару жүйесімен бұғатталуы тиіс. Автоматты жұмыс істейтін тежеу құрылғыларынан басқа жүріс арбаларының қолмен тежегіші болуы тиіс.

28. Арқанды сырма қондырғыларын қолдану кезінде кемер еңісінің бұрышы 35° аспауы тиіс.

29. Сырма шығыршықтың жұмыс істеу аймағы ескерту белгілерімен қоршалуы және түнгі тәулік уақытында жарықтандырылуы тиіс.

30. Роторлық кешеннің барлық конвейер желілері тұтқалары бар сатылы ету жолдарымен жабдықталуы тиіс.

31. Кемерлерді жабу кезінде ені тігінен шектес бермалардың арасындағы қашықтықтың үштен бірінен кем емес сақтандырғыш бермалар қалдырылуы тиіс. Бермалар әрбір үш кемерден аспайтындай етіп қалдырылуы тиіс.

Барлық жағдайларда берманың ені оны механикаландырып тазалауды қамтамасыз ететіндей болуы тиіс.

32. Сақтандырғыш бермалар көлденең болуы немесе карьер ернеуінің жағына еңісі болуы және жыныс, кен, көмір кесектері мен бөгде заттардан жүйелі түрде тазартылуы тиіс. Жұмысшылар жүйелі түрде жүріп-тұратын бермалардың қоршауы болуы тиіс.

33. Ішкі және сыртқы үйінділерді орналастыруға және пайдалануға арналған учаскелерді іріктеуге алдын ала инженерлік-геологиялық және гидрогеологиялық іздеулер болуы тиіс.

Қолданыстағы жерасты қазбаларының үстінен орналасқан үйінділерді түзу және пайдалану, сондай-ақ құлап түскен жерлерді және ашық тау-кен

жұмыстары объектілерінің қазылған учаскелерін жабу тәртібі жобалау құжаттамасында анықталуы тиіс.

34. Үйінділерді ашық тәсілмен қазуға жататын кен орындары алаңдарында орналастыруға тыйым салынады.

35. Үйінділерді салу тау-кен жыныстарының фрикциялық қауіптілік дәрежесін ескере отырып жүзеге асырылады. Үйінділерді беткейлерде орналастыру кезінде үйінділердің жылжуына кедергі келтіретін арнайы шаралар қарастырылуы тиіс.

36. Жыныстарды жауын-шашын мөлшері едәуір аймақтардағы үйінділерге жинау кезінде жазғы уақытта үйінділердің ықтимал жылжуынан қосымша қауіпсіздік шаралары әзірленуі тиіс. Топырақ, тасқын, үйінді астындағы және жаңбыр суларын бөлу көзделуі тиіс.

Жер бетіндегі және карьер суларын жіберуге (ағызуға), кемерлер мен карьер жолдарынан жыныс үйінділеріне қарды шығаруға тыйым салынады.

37. Батпақты және құрғатылмаған аумақтарда үйінділердің шашылу мүмкіндігі үйінді жұмыстарының тиісті қауіпсіздік шараларын көздейтін жобалау құжаттамасында анықталуы тиіс.

38. Жыныс үйінділерінің биіктігі, еңістердің бұрыштары мен құлау призмалары, үйінді жұмыстары шебінің жылжу жылдамдығы үйінді жыныстарының физикалық-механикалық қасиеттері мен оның негіздемесіне, үйінді түзу тәсілінне және жер бедеріне байланысты жобалау құжаттамасында белгіленеді.

39. Өту жолдары жыныс кесектерінің үйінділерден домалау шегінен тыс орналасуы тиіс.

40. Шөгу құбылыстарының белгілері пайда болған кезде үйінді түзу жұмыстары қауіпсіздік шараларын орындағанға дейін тоқтатылуы тиіс. Жұмыстар үйінді өзгерістерінің жылдамдығы артқан жағдайда да тоқтатылуы тиіс. Үйіндідегі жұмыстар техникалық басшының рұқсатымен өзгерістер жылдамдығының оң бақылау өлшемдерінен кейін қайта қалпына келтіріледі.

41. Көлік құралдары жыныстардың құлау (жылжу) призмасынан тыс түсіру аймағындағы үйіндіде түсірілуі тиіс. Бұл призманың өлшемдері үйінді паспортында белгіленеді.

42. Үйінділерде көлік құралдарының қозғалыс бағытының көрсеткіштері орнатылуы тиіс. Жүк түсіру аймағы екі жағынан көлік құралдарынан жүк түсіру бағытын көрсеткіштері бар белгілермен белгіленуі тиіс.

43. Бульдозер үйінділері мен ауыстырып тиеу бекеттерінің алаңдарында тұтас жүк түсіру шебінің бойымен еңіс жиегінен жұмыс істеп тұрған көлік

құралдарының ұзындығымен үйінді тереңдігіне бағытталған кемінде 3⁰ көлденең еңісі және маневр операциялары үшін тиісті шебі болуы тиіс.

Жүк түсіру аймағында тұтас шептің бойымен паспортқа сәйкес ең жоғарғы жүк көтергіштігі жүк түсірілген өзі түсіргіш автомобильдердің дөңгелегінен кемінде 0,5 диаметр биіктікте жыныс төгіндісі (сақтандыру білігі) құралуы тиіс.

44. Өзі түсіргіш автомобильдерді үйіндіге жыныс түсіруге беру артына қарай жүру арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

45. Думпкаларды түсіру кезінде адамдар кен сілемінің құлау аймағынан тыс болуы тиіс. Үйіндінің ішкі жағынан құрамды түсіру орнында құрамға қызмет көрсетуші тұлғаға арналған алаң жоспарлануы тиіс.

Думпкаларды тазалау механикаландырылған болуы тиіс.

46. Ұйым үйіндідегі жыныстардың тұрақтылығын бақылауды (мониторингін), тұтас үйінді алаңының өзгеруін қадағалауды жүзеге асыруы тиіс.

47. Гидро үйінді салу барысында және қоршау бөгеттерін жасанды түрде өсіру топырақты тілуге, төменгі бьефте және бөгеттің төменгі еңісінде, сондай-ақ қойма ложасында карьерлер мен қазандықтар орнатуға тыйым салынады.

48. Құятын гидро үйінді бөгеттері жотасы белгісінің су деңгейінен артуы және жуатын гидро үйінділердің құлама бөгеттерінің жоғарғы еңісінде су бетіндегі жағажайдың белгісі кемінде 1,5 м болуы тиіс. Тұнба тоғанындағы судың деңгейін бақылау үшін сантиметрлік бөліктері бар өзгермейтін материалдан жасалған су өлшеу рейкасы орнатылуы тиіс. Рейканың нөлі негізгі қада белгіге байлануы және жыл сайын тексерілуі тиіс.

49. Қойыртпақты жағажайға шығару кезінде жотадан және бөгеттің төменгі еңісінен тыс төгілуін болдырмау үшін жағажайдың үстіндегі жоғарғы еңісінде гидро үйінді жотасының артуы кемінде 0,5 м болуы тиіс.

50. Жуылған гидро үйінді учаскелері қоршалған және оларға сақтандыру белгілері орнатылған болуы тиіс. Гидро үйіндіні жууға қызмет көрсету үшін канаттары бар көпіршелер орнатылуы тиіс. Тоған тұлбасы суына, жыраларға, шұңқырларға немесе гидро үйіндіде пайда болған шұңқырларға жақын баруға, сондай-ақ тұнба тоғаны мұзымен жүруге тыйым салынады.

51. Бөгеттер, арна бөлетін және таудағы шұңқырлар, плотиналар тасқын және сел суларын өткізуге дайын болуы тиіс. Дайындық тасқын және сел суларын өткізу бойынша іс-шараларға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

52. Гидромониторлардың оқпанның кенет бұрылыстарын шектегіштері болуы тиіс. Өнеркәсіп аспаптарында құмдарды жуу кезіндегі гидромониторлардан басқа гидромониторлар қашықтықтан басқарылуы тиіс.

53. Гидромонитор ағысы кемінде 1,5 есе алыс қашықтықта әсер ететін учаскенің аумағы белгілермен қоршалады.

54. Гидромонитор түнгі тәулік уақытында жұмыс істеп тұрған кезде ағыс әсері аймағындағы кенжарлар, жұмыс алаңдары, құбыр өткізгіштегі жабатын ысырмаға өтетін жол мен ысырма жарықтандырылуы тиіс.

55. Әрбір гидромонитордың қоректендіргіш құбыржолды ажырату үшін ысырмасы болуы тиіс.

56. Қазылған кемерлердің еңісінің бұрыштары табиғи жыныс еңістерінің бұрыштарынан артық болмауы тиіс.

57. Гидромониторлар жұмыс істеп тұрған кезде бір-біріне қарсы біреуінің жұмысы едәуір қуатты гидромонитордың ең жоғарғы ағысының 1,5 есе алыс қашықтықта жақындаған кезде тоқтатылуы тиіс.

Бір мезгілде жұмыс істейтін екі гидромонитор арасындағы қашықтық олардың кез келгенінен ағыстың ең жоғарғы ұшу алыстығынан артық болуы тиіс.

58. Гидромонитор жоғарғы вольтты электр беру желісінен ағыстың екі еселік ұшу алыстығынан кем емес қашықтықта орналасуы тиіс.

59. Су жіберу және су жинау құдықтарына бару үшін қанаттары бар көпіршелер төселуі тиіс. Гидро үйіндінің су жинау құдығының сағасында құдыққа құлауды болдырмайтын қоршауы болуы тиіс.

5. Пайдалы қазбаларды драгамен өндіру кезіндегі қауіпсіздік талаптары

60. Драгамен жүзеге асырылатын пайдалы қазбаларды қазу ұйымның техникалық басшысы бекіткен кенжардың паспортына сәйкес жүргізілуі тиіс.

Драже тілігінде су бетіндегі ернеудің жобалық биіктігінен жоғары драганы пайдалануға тыйым салынады.

61. Драгамен қазылатын учаске ағаштан, томарлардан, бұралардан, және мұздан тазартылуы тиіс. Жұмыс істеп тұрған кезде негізгі және бүйірлік драже арқандары орналасқан учаскелерді, полигонды тазалауға тыйым салынады.

62. Көктемгі маусымда драга тұрған орындарынан тасқын суларын ағызу қамтамасыз етілуі тиіс.

63. Су құйғыштар, бөгеттер және барлық гидравликалық драга шаруашылығы қысқы маусымға және жобалау құжаттамасына сәйкес тасқын суларын өткізуге алдын ала дайындалуы тиіс.

Әрбір бөгетте, сондай-ақ әрбір драгада белгіленген орында аварияға қарсы жабдық, материалдар, мүкәммал және аспаптар қоры болуы тиіс.

64. Әрбір драгада барлық люктерді палубаға орналастырып, бөліктерді, су өткізбейтін далдаларды көрсетілген қалқыма сызбасы болуы тиіс.

65. Драгалар драгер үй-жайы (кескіш) мен тетіктер арасындағы екі жақты дабылмен жабдыкталуы тиіс.

66. Драгалар жұмыс істеп тұрған полигондардағы жолдар мен сүрлеулер жабылуы, ал жұмыс істеп тұрған арқандардың қауіпті аймақтарының контурымен ескерту белгілері қойылуы тиіс.

67. Драганың көзге көрінетін және қол жетімді жерлерінде және қалқыманың ернеулерінде және палуба үстіндегі құрылыстың сыртынан құтқару жарақтары (шеңберлер, шарлар, құтқару жилеттері) палубаның әрбір 20 м ұзындығында кемінде екі жинақтан теңдей орналастырылуы тиіс. Құтқару шеңберлері ұзындығы кемінде 30 м жолақпен жарақталуы тиіс. Құтқару құралдарына шығу жолы белгіленуі тиіс.

68. Әрбір драганың қалқыманың айналасында су бетіндегі бөлігінде керілген құтқару арқаны болуы тиіс. Суда ескектері бар кемінде екі қайық болуы, оның ішінде біреуі қалқыманың жанында болуы тиіс. Қалқымада адамдардың қайыққа өтетін орындарында қанаттары бар жиналмалы көпіршелер мен тізбекті қоршауы бар ойықтар орнату тиіс.

69. Қалқымалы қойыртпақ өткізгіштердің бойымен тіліктің ернеуіне құм мен эфелдерді тасымалдау үшін қойыртпақ өткізгішпен жабдықталған драга жұмыс істеген кезде биіктігі кемінде 1 м қанаттармен қоршалған көпіршелер орнатылуы тиіс, ал түнгі тәулік уақытында қалқыма қойыртпақ өткізгіш жарықтандырылуы тиіс.

70. Драгаға электр энергиясы топыраққа төселген және "айырларда" ескерту белгілерімен қоршалған немесе арқанға асылған кабелдің көмегімен жағадағы бөлу құрылғысынан берілуі тиіс. Кабель судын, бойымен салдарда (қалқымаларда) төселуі тиіс.

71. Драгада номенклатура бойынша және жобалау құжаттамасында белгіленген мөлшерде өртке қарсы мүкәммал мен жабдық (шелектер, ілгектер, өрт сөндіргіштер, жылжымалы сорғылар және басқалары) болуы тиіс.

Өртке қарсы сорғыдан су өткізгіш тұтас драганың бойымен өтуі және өрт жендерін қосу үшін тиісті крандар санының болуы тиіс. Жендердің ұзындығы су қысымы ағысының драганың ең қашық орындарына түсуін қамтамасыз ететіндей болуы тиіс.

6. Табиғи тасты өндіру кезіндегі қауіпсіздік талаптары

72. Табиғи тасты өндіру кезінде монолиттер мен блоктардың оларды қопару кезіндегі өлшемдері қолданылатын технологиялық жабдықты және жұмыс өндірісінің қауіпсіз жағдайларын ескере отырып, жобалау құжаттамасымен негізделеді.

Блоктар мен монолиттерді сілемін бөлу кесу, тұтас жігінен бұрғылау немесе жобалау құжаттамасы бойынша оларды кейін қопара отырып бұрғылау арқылы жүзеге асырылады.

73. Кемердің биіктігі тау-кен геологиялық жағдайларға байланысты анықталуы, тегістелген (тегістеу қалыңдығын ескере отырып) блоктың биіктігіне еселенген және мынадай:

тасты механикаландырып жинайтын тас кесу машиналары жұмыс істеген кезде - 3 м;

қолмен жинау кезінде - 2,35 м;

гранит сияқты қатты жыныстарды қолмен қазу және шағын механизация құралдарын қолдану кезінде - 6 м аспауы тиіс.

74. Кемердің (кішкентай кемердің) жұмыс алаңының ені есеппен анықталуы және онда жабдықтың, қашық блоктардың, тиісі материалдар қорының орналасуын және ені кемінде 1 м еркін өту жолының болуын қамтамасыз етуі тиіс, бұл ретте жұмыс алаңының ең қысқа ені 3 м кем болуы тиіс.

75. Блокты (монолитті) қазындыдан бөлу кезінде қопаруды немесе кесуді орындау реті оның өздігінен аударылуын болдырмауы тиіс. Ең соңында тігінен бойлай кесу немесе қопару орындалуы тиіс.

76. Кемерлерді жабу кезінде сақтандыру бермалары қалдырылуы тиіс, олардың ені жобада белгіленген жалпы ернеуді жабу бұрышы негізінде қабылдануы тиіс.

77. Кемер (кішкентай кемер) еңістерінің бұрышын 90° дейін алуға рұқсат беріледі.

78. Сына жұмыстарын қолдана отырып, тасты өндіру кезінде:

кемердің (кішкентай кемердің) биіктігі 1,5 м аспауы тиіс;

кемердегі тасты қағып енгізу жоғарыдан төмен қарай жүргізілуі тиіс;

әрбір кенжар жұмысшысына арналған жұмыс шебі кемінде 10 м, тас жарғыштардың арасындағы қашықтық кемінде 4 м болуы тиіс;

блок үгіндіден жасалған жұмсақ негізге құлатылуы тиіс.

79. Кен орындарын шұңқырсыз ашу кезінде сатылармен жабдықталған, карьерден шығатын кемінде екі шығу жолы орнатылуы тиіс, бұл ретте оның біреуінде сатының көлбеу бұрышы 40° аспауы тиіс.

80. Бірінші ендірмеден кейін түзілетін, сына тәріздес пішіндегі тастарды қолмен ұсақтау кезінде жұмысшы жұмыс істеп тұрған машинадан кемінде 4 м қашықтықта болуы тиіс.

81. Көлденең және жазық кен орындарында пионер орларын өткізу кезінде тік жолақтарды қолмен қағу кезінде жұмысшылар (тас жарғыштар) бір-бірінен кемінде 4 м қашықтықта болуы тиіс.

82. Арқанмен кесу органы бар әрбір тас кесу машинасы:
іске қосу алдындағы дыбыс дабылмен;
кесу арқанының қозғалысын автоматты іске қосу жүйесімен;
арқан тоқтаған және үзілген кезде машинаны тоқтататын арқанды керу шамасын автоматты бақылау және реттеу жүйесімен;
үзілген кезде арқанның ықтимал лақтырылуын болдырмау үшін қорғағыш қабатпен жабдықталуы тиіс.
83. Ірі блокты кесу немесе өңдеу кезінде оның аударылып қалуына қарсы шаралар қолданылуы тиіс. Блоктарды қолмен өзіне үюге тыйым салынады.
84. Ірі блоктарды тасымалдау кезінде соңғысы олардың аударылу немесе машинадан құлау мүмкіндігін болдырмайтындай етіп бекітілуі тиіс.
85. Кенжар бойымен қабырға тастарын жеткізу үшін жылжымалы таспалы конвейерлерді қолдану кезінде конвейер сабы мен тас кесу машинасы арасындағы саңылау кемінде 1 м болуы тиіс.
86. Тас кесу машиналарының бағыттаушы жолдары ағаш төсемдерді немесе осы мақсаттарға арналған тұғырларды пайдалана отырып, жоспарланған негізге орнатылуы тиіс. Тұғыр ретінде кесетін тастарды қолдануға тыйым салынады.
- Тас кесу машиналарының рельс жолдары бір түрдегі рельстерден тұруы тиіс, жергілікті жерге қосқыштарға қосылуы және рельс жіктерінде электр қосқыштары болуы тиіс.
87. Бір рельс жолында екі және одан астам тас кесу машиналары бір мезгілде жұмыс істеген кезде олардың арасындағы қашықтық кемінде 15 м болуы тиіс. Бұл ретте тас кесу машиналары буферлермен жабдықталуы тиіс.
88. Бұрғылау және арқанмен тас кесу машиналарын қолдануды көздейтін блокты тасты өндірудің құрама схемаларында мынадай реттілік сақталуы тиіс: тік технологиялық ұңғыманы бұрғылау, бар машинасымен көлденең кесу, арқанмен тас кесу машинасымен көлденең және одан кейін тігінен кесу.

7. Тау-кен қазындысын тасымалдау кезіндегі қауіпсіздікке қойылатын талаптар

89. Көлік-үйінді көпірлері мен үйінді түзгіштердің конвейер желілерінің екі жағынан конвейерлерге қызмет көрсетуге арналған қоршалған алаңдары болуы тиіс.
90. Кемердің ықтимал құлау призмаларымен көлік құралдарының қозғалысына тыйым салынады. Бульдозер табанының шетінен немесе тиегіштің (доңғалақты бульдозердің) алдыңғы осінен бастап еңістің жиегіне дейінгі

қашықтық тау-кен геологиялық жағдайларды ескере отырып анықталады және кенжарда (үйіндіде) немесе ауыстырып тиеу бекетінде жұмыстарды жүргізу паспортына енгізілуі тиіс.

91. Балласты жоқ темір жолдарды пайдалануға, сондай-ақ жолдарға арналған балласт ретінде сазды, өсімдік топырағын қолдануға тыйым салынады.

92. Жылжымалы құрамның қозғалыс қауіпсіздігіне қауіп төндіретін мынадай ақаулары бар бағыт ауыстырғыштарды пайдалануға тыйым салынады:

бағыт ұштарының ажырауы;

ұштың бірінші тарту күшіне қарсы 4 мм және астам өлшенетін, рамалық рельстен қалып қоюы;

ұштың рамалық рельске қатысты 2 мм және одан астам төмендеуі;

рамалық рельстер мен айқастырма орталарының рұқсат етілген мөлшерден астам тігінен тозуы;

айқастырма ортасының жұмыс шегі мен қосалқы рельс басының шегі арасындағы қашықтық 1472 мм-ден кем;

қосалқы рельс басының шегі мен жиегінің арасындағы қашықтық 1435 мм астам;

ұштың, рамалық рельстің, айқастырманың немесе қосалқы рельстің сынуы;

ұштардың соңындағы бұрандалы бекіткіштердің босауы.

93. Уақытша теміржолдардағы өту жолдары көліктің қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз етуі және мыналары:

өту жолының ені бір жолақты қозғалыс кезінде қолданылатын жүк көтергіштігі ең жоғарғы көлік құралдарының габаритінен кемінде 1,5;

көлденең алаңы немесе 10 промилге дейін (1%) көлбеуі;

кескін өзгерісі шеткі рельстен 5 м қашықтықта орналасады;

өту жолдарына баратын жолдардың бойлық көлбеулері 60 промилден (6%) аспауы тиіс;

тұтас төсемі;

кемінде 30° қиылысу бұрышы;

үлгі ескерту белгілері;

биіктігі байланыстырушы желі аспасының биіктігінен кемінде 0,5 м кем болуы тиіс электрлендірілген жолдарға арналған габаритті қақпалары;

өту жолының екі жағынан тежегіш жолының ұзындығынан кем емес қашықтықта дыбыс дабылын беру туралы дабыл белгілері орнатылуы тиіс;

электрлік жарық беру болуы тиіс.

94. Авто бұғаттағышы бар учаскелердегі күзетілмейтін өту жолдары автоматты өту жолының дабылымен жабдықталуы тиіс.

95. Барлық күзетілетін шлагбаумдарына түнгі тәулік уақытында, сондай-ақ тұман, қар жауу және бұрқасын кезінде жарық берілуі және станциясының жақын маңдағы кезекшесімен немесе диспетчермен тікелей телефон байланысы болуы тиіс. Тежеу жолының қашықтығында өту жолының екі жағынан локомотив машинисіне арналған ескерту белгілері орнатылуы тиіс.

96. Темір жолдар мен автомобиль жолдарын электр беру, байланыс желілерімен, мұнай өткізгіштермен, су өткізгіштермен және басқа да жер бетіндегі және жер асты құрылғыларымен қиып өтумен байланысты барлық жұмыстар жұмысты ұйымдастыру жобасы бойынша орындалуы тиіс.

97. Кенжар және үйінді темір жолдары рельс соңынан кемінде 10 м қашықтықта бекітілген сақтандыру тіректерімен, түнгі тәулік уақытында жарықтандырылатын немесе жарық түсіру бояумен боялған белгілермен аяқталуы тиіс.

98. Вагондарды (думпкаларды) тиеу көлденең учаскелерде тиеу паспортына сәйкес жүргізілуі тиіс. Тарту күші агрегаттарын пайдалану кезінде 60 промилге дейін қоса алғанда еңістерде тиеуге, арнайы қауіпсіздік шараларын әзірлегенде 40 промилге дейін қоса алғанда еңістерде түсіруге болады.

99. Адамдарды тасымалдау үшін вагондарды жүк пойыздарының құрамдарына қосуға тыйым салынады.

100. 40 промилден 60 промилге дейінгі негізгі еңістерде жұмыс істеу кезінде жылжымалы құрам тез әсер ететін тежегіштермен жабдықталуы тиіс.

Тез әсер ететін тежегіштермен жабдықталмаған шаруашылық пойыздарының 40 промилден 60 промилге дейінгі еңістерде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін іс-шаралар талаптарын сақтай отырып, қосалқы локомотивті қолдана отырып жұмыс істеуіне болады.

101. Шұңқырларға кіретін уақытша жолдар көлік қозғалған кезде олардың бойымен еркін жүріп өту жолы қалдырылатындай етіп орналасуы тиіс.

102. Жолдың жүріп өтетін бөлігінің ені автомобильдер мен автопоездардың өлшемдері негізінде жобалау құжаттамасында белгіленуі тиіс.

103. Барлық тиеу орындары, вираждар, күрделі орлар мен тайғанақ съездер, сондай-ақ карьер ішіндегі жолдар түнгі тәулік уақытында жарықтандырылуы тиіс.

104. Автомобиль жолдарының керме еңістерінде (60 промилден астам) еңісі 20 промилге дейін және ұзындығы кемінде 50 м алаңдар және керме еңісінің ұзындығынан әрбір 600 м сайын орнатылуы тиіс.

105. Карьер контурының, тіліктің ішіндегі автомобиль жолдарының өту бөлігі (кенжар жолдарынан басқа) ықтимал құлау призмасынан жыныс білігімен немесе қорғағыш қабырғамен қоршалуы тиіс. Жыныс білігінің биіктігі карьерде (тілікте) пайдаланылатын көлік құралының жүк көтергіштігі бойынша ең үлкен

дөңгелек диаметрінің жартысынан кем емес қабылданады. Жыныс білігінің төбесі арқылы өткізілген тік ось құлау призмасынан тыс орналасуы тиіс.

106. Технологиялық жолдардағы қозғалыс қолданыстағы жол жүру ережесінде көзделген жол белгілерімен және технологиялық регламентке сәйкес қосымша белгілермен реттелуі тиіс.

107. Өздігінен жүретін көлік құралдарының темір жол бойымен олардың габаритінен бастап жақын орналасқан рельске дейін 5 м кем қашықтықта қозғалуына тыйым салынады.

108. Көлік құралдары техникалық ақаудың салдарынан көтерілген күйінде немесе еңісте тоқтап қалған кезде олардың өздігінен қозғалуын болдырмайтын шаралар қолдануы тиіс.

109. Көлік құралдары артқы жүріспен қозғалған кезде барлық жағдайда дыбыс белгісі берілуі тиіс.

110. Галереялар мен эстакадалар жанбайтын материалдардан жасалуы тиіс, агрессивті материалдарды тасымалдау кезінде қорғау шаралары қабылдануы тиіс.

Жетек станциялары мен жүк тиеу бекеттерінде, сондай-ақ галереяда орналасқан конвейердің ұзындығымен автоматты өрт дабылы құралдары жабдықталуы тиіс. Осы құралдардың іске қосылғаны туралы белгі диспетчерлік немесе оператор бекетіне түсуі тиіс.

Конвейерлердің жетек станциялары олардың орналасуының климаттық жағдайларын ескере отырып, автоматты өрт сөндіру құралдарымен жабдықталуы тиіс.

111. Үздіксіз көлік қондырғыларының:

конвейерді оның ұзындығында кез келген жерінен авариялық тоқтатуға арналған құрылғысы;

іске қосудың басталғаны туралы дабылы;

конвейерді қорғау іске қосылғаннан кейін қашықтықтан қосылу мүмкіндігін болдырмайтын бұғаттағыш құрылғылары;

жетек іске қосылып тұрған кезде таспа тоқтаған (батып қалған) жағдайда конвейерді ажырататын құрылғысы;

таспаның бүйірінен шығуына кедергі келтіретін құрылғылары, таспа барабандар мен ролик тіректерінің шектерінен тыс шыққан кезде конвейер жетегін ажырататын таспаның бүйір бөлігінің датчиктері;

қозғалтқышты ажыратқан кезде іске қосылатын және конвейерді 6° астам бұрышпен орнату кезінде кері бағытта таспаның тиелген тармағын ауыстыруға кедергі келтіретін автоматты жұмыс істейтін тежеу құрылғысы;

таспаны көруге арналған құрылғысы;

таспалар мен барабандарды жабысқан материалдардан механикалық тазалауға арналған құрылғысы;

жүк түсіру шұңқырлары мен науаларын орнату кезінде жетектерді ажырататын құрылғылары;

қанаттармен қоршалған жылжымалы көпіршелері;

конвейерлер астынан адамдар өтетін орындарда оларды тасымалданатын материалдардан түсетін кесектерден сақтандыру үшін қорғағыш құрылғылары болуы тиіс.

Түнгі тәулік уақытында барлық жұмыс орындары мен өту жолдары жарықтандырылуы тиіс.

112. Таспа конвейерлерінің жетек, керме, бас тарту және соңғы станцияларында конвейер жұмыс істеп тұрған уақытта барабандарға шашыраған материалдарды қолмен жинау мүмкіндігін болдырмайтын қоршауы болуы тиіс. Қоршаулар конвейердің жетек қозғалтқышымен оның қоршаулар алынған кезде іске қосылу мүмкіндігін болдырмайтындай етіп бұғатталуы тиіс.

Конвейерлерде таспаны тазалауға арналған құрылғылар орнатылуы тиіс.

113. 8^o астам көлбеумен орнатылған таспа конвейерлері қозғалтқыш сөндірілген кезде автоматты жұмыс істейтін тежегіш құрылғымен жарақталуы тиіс.

114. Жынысты қолмен жинау кезінде конвейер таспасының қозғалыс жылдамдығы 0,5 м/сек аспауы тиіс. Жыныс жинау орнындағы алмалы-салмалы таспа қоршалуы тиіс.

115. Жылжымалы (қайық) конвейерлеріндегі жүк түсіру арбалары үшін соңынан ажыратқыштар, ал рельс жолдарында тіректер орнатылуы тиіс. Жүкті өздігінен түсіретін арбалар мен өздігінен жүретін конвейерлердің дөңгелектері қоршалуы тиіс. Қоршау мен рельс басының арасындағы саңылау 10 мм аспауы тиіс.

Жүк түсіру арбалары олардың өздігінен қозғалуын болдырмайтын құрылғылармен жабдықталуы тиіс.

116. Таспа конвейерлерінің жетек, керме, бас тарту және соңғы станцияларында қоршаулар алынған кезде конвейердің іске қосылу мүмкіндігін болдырмау үшін оның жетек қозғалтқышымен бұғатталған қоршауы болуы тиіс.

Конвейер таспасының жұмыс және жүріс тармақтарының роликтерінде негізгі өту жолы жағынан конвейер жетегімен бұғатталмайтын қоршауы болуы тиіс. Негізгі емес (монтаждау) өту жолы жағынан жұмыс және жүріс тармақтарының роликтерін осы аймаққа өту жолдарын конвейер қозғалтқышымен бұғатталған, конвейер жұмыс істеп тұрғанда осы аймаққа өтуді болдырмайтын кішкене есіктермен қоршамауға болады.

117. Элеваторлар, қырнауыш конвейерлер және құрғақ және тозаңды материалдарды тасымалдайтын шнектер тұтас ұзындығы бойымен тығыз жабындармен жабылуы тиіс. Жабындардағы тетіктердің жұмыс органдарын мерзімді бақылау үшін мықтап жабылатын есіктері бар байқау терезелері (кішкентай люктер) орнатылуы тиіс.

118. Жер асты-жер бетіндегі конвейерлік галереялардың бетіне шығу кезінде оларда сыртынан кіретін жолдар қарастырылуы және конвейер арқылы өту жолдары көзделуі тиіс.

119. Галереялар мен эстакадалардан эвакуациялық шығу жолдары мен конвейерлер үстіндегі ауыспалы көпіршелерді 100 м сайын орналастыру қажет.

120. Карьер жабдығы мен машиналарының барлық жөндеу түріне жұмыстың тәртібі мен реті, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тиісті бұйымдар мен аспаптар белгіленетін жұмысты ұйымдастырудың технологиялық регламенттері, жобалау құжаттамасы дайындалуы тиіс.

8. Үдерістердің тіршілігін қамтамасыз ету кезіндегі қауіпсіздік талаптары

1. Кептіру және сутөкпе

121. Тау-кен қазбалары еңістері мен үйінділерінің тұрақтылығын қамтамасыз ету, пайдалы қазбалар мен аршу жыныстарының ылғалдылығын төмендету, тау-кен көлік жабдығы жұмысының қауіпсіз жағдайын жасау үшін жобалау құжаттамасында жұмыс жүргізу аумақтарын кептіру және жер бетіндегі сулар мен атмосфералық жауын-шашындардан қорғау бойынша және мынадай:

жер бетіндегі сулардың деңгейін төмендету (тиіс болған жағдайда) бойынша; дренаж жүйесінің әсер ету аймағынан тыс суды бөлу үшін құрылыстар салу бойынша;

құрылыстарды, тау-кен қазбаларын және үйінділерді жер бетіндегі сулар мен атмосфералық жауын-шашындардан қоршау бойынша техникалық шешімдерді қамтитын шараларды көздеуі тиіс.

122. Су басқан (суға қаныққан) кен орындарын, қабаттарды, учаскелерді өңдеу кезінде дренаж ұңғымаларының, тау-кен қазбалары жүйелері арқылы карьерді (дренажды) алдын ала кептіру жөніндегі шаралар қабылдануы тиіс.

123. Дренаж шахталарының, штольнялардың, шыңыраулардың, желдету ұңғымалары мен басқа да қазбалардың оқпандарының сағалары олар арқылы тау-кен қазбаларына жер бетіндегі сулардың өтуінен қорғалуы тиіс.

124. Негізгі сутөкпенің сорғы камерасы дренаж шахтасының оқпанымен сорғы станциясының еден деңгейінен 7 м төмен емес биіктікте оқпанға

шығарылатын көлбеу жүріспен, герметикалық жабылатын бір жүрістен кем емес оқпан жанындағы алаңмен қосылуы тиіс.

125. Жоғары орналасқан сулы көкжиектің астынан кез келген қатты жыныстарда жер асты дренаж қазбаларын жүргізу кезінде ұзындығы бекіту паспортында немесе жыныстардың құрылымы мен қаттылығына байланысты қазуды жүргізу паспортында көзделуі тиіс, бірақ барлық жағдайда да кемінде 5 м қалдыра отырып, алдыңғы қатардағы ұңғымаларды бұрғылау тиіс.

126. Әрбір өткізілетін дренаж қазбасымда тиісті жағдайларда уақытша сүзгі далдасын салу үшін материалдар қоры болуы тиіс.

127. Карьерге нөсер, еріген сулардың, шөгінділердің түсуін болдырмау үшін шөгінді қазындысының қабаты, сондай-ақ ағынды судың жолдары оған жер бетіндегі сулардың өтуінен карьерді сақтайтын тау шұңқырларымен, біліктермен қоршалуы тиіс.

128. Тау-кен жұмыстары мен сыртқы көздерден карьерге түсетін су карьердің ең төменгі бөлігінде орналасқан су жинағышқа қайта түсірілуі тиіс.

Ашық сутөкпе кезіндегі су жинағыштың сыйымдылығы кемінде үш сағаттық ағысқа, ал дренаж шахталарының сутөкпе қондырғысының су жинағыштары екі сағаттық ағысқа есептеледі және кемінде екі бөлімшесі болуы тиіс.

129. Карьерлер мен дренаж шахталарындағы сутөкпе қондырғыларын автоматтандыру қатардың шыққанның орнына резервтік сорғының автоматты қосылуын, сорғыларды қашықтықтан басқару мүмкіндігін және басқару пультіне белгі беру қондырғыларының жұмысын бақылауды қамтамасыз етуі тиіс.

130. Басты сутөкпе қондырғысының жиынтық жұмыс сорғысын беру 20 сағаттан аспайтын уақыт ішінде ең жоғарғы болжалды тәуліктік су ағысын ағызып алуы тиіс. Қондырғыда жалпы жиынтығы 20 -:- 25 % жұмыс сорғыларының берілісіне тең резервтік сорғылар болуы тиіс. Басты сутөкпе қондырғысының сорғыларының Арыны бірдей болуы тиіс.

131. Ашық тау-кен жұмыстарын жүргізу аумақтарынан алынатын су карьердің шегінен тыс орналасқан және сызаттар, құламалар мен құламалар немесе су өткізбейтін жыныстар арқылы қолданыстағы қазбаға оның қайтадан өту мүмкіндігін, жапсарлас орналасқан аумақтардың батпақтануын болдырмайтын буландырғыш тоғанға жіберілуі тиіс.

Кен орындарын кептіру нәтижесінде алынған суды жіберу олар мөлдірлендірілгеннен және зиянды қоспалардан тазартылғаннан кейін ғана жүргізіледі. Осы суларды жіберін орындары жобада анықталады.

132. Жер бетіндегі сутөкпе қондырғылары, сондай-ақ ауа температурасы жағымсыз аудандардағы құбыржолдар қысқы маусым алдында тығыздалуы және жару жұмыстарын жүргізу кезінде ықтимал зақымдардан жабылуы тиіс.

133. Жер бетінде төселген құбыр өткізгіштерде оларды судан толық босатуды қамтамасыз ететін бұйымдары болуы тиіс.

134. Әрбір карьерде жыл сайын көктемгі және күзгі уақытта, сондай-ақ қар еру нөсер жауындары маусымында жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар әзірленуі және бекітілуі тиіс.

135. Ескі су басқан қазбалардың немесе басқа да су айдындарының (өзен, тоған, көл) жанында тау-кен жұмыстары судың жарылуынан қорғайтын және қауіпсіз жұмыс жүргізу шекараларын белгілейтін кентіректерді қалдыруды көздейтін жобалау құжаттамасы бойынша жүргізілуі тиіс.

2. Энергиямен қамтамасыз ету, дабыл және байланыс

136. Карьерде қолданылатын электр жабдығы, кабелдер және электрмен қамтамасыз ету жүйелері карьер қызметкерлерінің электр қауіпсіздігін және ашық тау-кен жұмыстарының өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс.

137. Ашық тау-кен жұмыстарында электр қондырғыларын қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету үшін:

тау-кен жұмыстарының жоспарына қосымшасымен және электр қондырғыларын пайдалану барысында енгізілген өзгерістермен оның техникалық құжаттамасының болуы;

қызмет көрсетуші персоналды электрлік қорғау құралдарымен және жеке қорғау құралдарымен, жеке тасымал шамдарымен қамтамасыз ету;

электр желілері мен трансформаторларының түріне байланысты қорғағыш жерге қосқышы;

электр қондырғыларын электр қорғағыштармен қамтамасыз ету;

жару және тексерістен және анықталған зақымдарды жойғаннан кейін қайта іске қосу кезінде қауіпті аймақтардың шектерінде электр беретін ауа және кабель желілерін ажырату;

жылжымалы машиналардың зақымдануын, қатып қалуын, жыныспен үймелеуді, оларға көлік құралдары мен тетіктердің өтуін болдырмайтын, жылжымалы машиналарды қоректендіретін иілгіш кабелдерді төсеу;

электрлік шағын станциялары энергиямен жабдықтайтын ұйымның энергодиспетчерімен немесе тау-кен диспетчерімен байланыспен жарақтандыру;

байланыс және дабыл құрылғыларын жарық беру желілерінен 220 В аспайтын желілік кернеумен қоректендіруді және оларды байланыс желісінің жоғарғы кернеу желісінің әсерінен, найзағай разрядтарынан және кезде токтардан қорғауды қамтамасыз ету тиіс.

138. Жылжымалы машиналарды қоректендіргіш электр беру желілеріне қосу жылжымалы ауыстырып қосу бекеттерінің көмегі арқылы жүргізілуі тиіс.

139. Жылжымалы электр қондырғыларын қоректендіру үшін кернеуі 35 кВ аспайтын трансформаторлардың оқшауланған бейтарап немесе жоғары ом резисторлары арқылы жерге қосылған желілер қолданылуы тиіс.

140. Кернеуі 1000 В дейінгі, оқшауланған бейтарап трансформаторлардан қорек алатын барлық жылжымалы электр қондырғыларында электр тогымен зақымдану қаупі пайда болған жағдайда электр қондырғысын автоматты ажыратып, токтың жерге (корпусқа) ағуынан тез әсер ететін қорғағышы болуы тиіс, жалпы ажырату уақыты 0,2 сек аспауы тиіс.

141. Жерге қосылған бейтарап электр қондырғыларының қорғағыш ажыратқышы болуы тиіс.

142. Экскаваторлардың, бұрғылау станоктарының, үйінді түзгіштердің, конвейерлердің, сорғылардың барлық электр жетектері қорек кернеуі берілгеннен кейін тетіктердің өздігінен іске қосылуын болдырмайтын электрлік бұғаттағышпен жабдықталуы тиіс.

143. Жылжымалы трансформаторлық шағын станциялар мен бөлу бекеттерінің үй-жайлары жанбайтын материалдардан жасалуы тиіс.

144. Жылжымалы шағын станциялардың, бөлу құрылғыларының және ауыстырып қосу бекеттерінің есіктерінде ысырма құрылғысы, іске қосқыштар, ажыратқыштар және ажыратқыш іске қосылып тұрған кезде есіктердің ашылуын, сондай-ақ есіктер ашық тұрғанда ажыратқыштардың іске қосылуын болдырмайтын механикалық бұғаттағышы болуы тиіс.

145. Кернеуі 1000 В астам, карьердің жылжымалы электр қондырғыларын қоректендіретін фидерлер жерге бір фазамен тұйықталған кезде желілердің автоматты түрде ажырауын қамтамасыз ететін аппаратурамен жабдықталуы тиіс.

146. Электр тогымен зақымданудан қорғау үшін қорғайтын жерге қосқыш қолданылуы тиіс.

147. Жабдықтың электр техникалық құрылғыларының барлық металл бөліктері, сондай-ақ оқшаулағыш зақымданған жағдайда артық кернеуде болатын электр қондырғыларының жанында орналасқан металл құрылыстар жерге қосылуы тиіс.

148. Тұрақты және жылжымалы электр қондырғыларын жерге қосу жалпы жүргізіледі. Жалпы жерге қосу желісі жерге қосқыш сымдардың арасында үздіксіз электрлік қосу арқылы орындалуы тиіс.

149. Ашық тау-кен жұмыстарындағы жалпы жерге қосу құрылғысы орталық жерге қосқыштан, жерге қосу магистралынен, жерге қосу сымдарынан және жергілікті жерге қосқыштардан тұруы тиіс. Жалпы жерге қосу құрылғысының кедергісі 4 Ом аспауы тиіс. Орталық жерге қосу құрылғыларының біреуінен бастап жерге қосу сымдарының ұзындығы 2 км аспауы тиіс.

150. Басты жерге қосқыштар ретінде шағын станциялардың жерге қосқыштары мен табиғи жерге қосқыштар пайдаланылуы тиіс.

Жергілікті жерге қосу құрылғылары жылжымалы ауыстырып қосу бекеттерінде, жылжымалы жиынтық трансформаторлық шағын станцияларда 6 - 10/0,4 кВ және басқа да қондырғыларда салынатын жерге қосқыштар түрінде орындалады.

151. Кернеумен жұмыс істейтін байланыс желісінің бөліктерінен 5 м кем қашықтықта орналасқан металл құрылымдар (көпірлер, жол сымдары, бағдаршамдар, гидроколонкалар және т.б.), байланыстырушы желінің металл тіректері мен байланыстыру желісінің оқшаулағыштарын темір бетон және жасанды тас құрылыстарына және темір бетон тіректеріне бекіту бөлшектері, сондай-ақ секциялық бөлу жетектері, жұмыс істемейтін анкерлік тармақтар және ағаш тіректерге орнатылған жүк компенсаторлары жерге қосылуы тиіс.

Жерге қосу жерге қосқыш құрылғыны тарту күшінің рельсіне қосу арқылы орындалуы тиіс.

152. Жылжымалы машиналарды қоректендіретін иілгіш кабель оның зақымдану, қатып қалу, оған көлік құралдары мен тетіктердің өту мүмкіндігін болдырмайтындай етіп төселуі тиіс.

Су басқан алаңдарда иілгіш кабель тіректерге ("айырларға") төселуі тиіс.

153. Теміржолдармен және автомобиль жолдарымен қиылысу орындарында кабелдер оларды құбырларда, қораптарда, науаларда төсеу арқылы зақымданудан қорғалуы тиіс. Жабын өлшемдері теміржолдардың немесе жолдардың енінен әрбір жағынан кемінде 2 м артық болуы тиіс.

154. Байланыстырушы сымда кернеудің бар екені туралы ескертетін дабыл шамдарынан басқа, тұрақты жұмыс істейтін машиналар мен әр түрлі тетіктерді электр энергиясымен қоректендіру, тұрақты жарық беру және басқа да мақсаттар үшін тарту күшінің желілерін пайдалануға тыйым салынады.

155. Электрлендірілген теміржолдарда орналасқан жүргінші көпірлері мен жылу өткізгіштерде екі жағынан тұтас сақтандырғыш қалқандары орнатылуы тиіс.

156. Байланыстырушы желі секциялық оқшаулағыштардың, бейтарап ендірмелердің немесе оқшаулағыш түйіспелердің көмегімен бір-бірінен бөлінген жеке учаскелерге (секцияларға) бөлінуі тиіс.

157. Электрлендірілген жолдардың барлық автожолдармен қиылысында және тиеу-түсіру жұмыстары жүргізілетін бекеттерде "Байланыстырушы желіден абай болыңыз" деген ескертетін көрнекті немесе жарық түсірілген плакаттар, ал өту жолдарының екі жағынан габаритті қақпалар орнатылуы тиіс, олардың биіктігі байланыстырушы желі аспасының биіктігінен кемінде 0,5 м төмен болуы тиіс.

158. Электровоздардың қозғалысы үшін пайдаланылмайтын барлық рельс жолдары электрлендірілген жолдардан оқшауланған тораптар құрылғысымен бөлінуі тиіс.

159. Карьер мен оның бетіндегі объектілердің аумағы машиналардың құрылымына орнатылған немесе жылжымалы немесе тұрақты тіректерге (мачталарға) орнатылған шамдармен және прожекторлармен жарықтандырылуы тиіс.

160. Карьер технологиялық үдерістерді бақылау мен басқаруды және жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мынадай техникалық байланыс құралдары кешенімен:

диспетчерлік байланыспен;

диспетчерлік бөлу-іздеу дауыс зорайтқыш байланысымен және хабарлау жүйесімен;

карьер ішіндегі теміржол көлігінде тиісті байланыс түрлерімен;

ішкі телефон байланысымен жабдықталуы тиіс.

161. Карьерлердің балық телефон желілері кемінде қос желілі болуы тиіс.

162. Байланыс қондырғылары кедергі келтіретін және қауіпті әсер ететін байланыстырушы желінің жоғары кернеулі желілерінен, найзағай разрядтарынан және кезбе токтардан қорғағышпен қамтамасыз етілуі тиіс.

9. Пайдалы қазбалардың кен орындарын бір мезгілде ашық және жер асты тәсілдерімен өңдеу кезіндегі талаптар

163. Кен орындарын аралас қазу кезінде тау-кен жұмыстары карьер мен жер асты кенішінің өзара келісілген жобалау құжаттамасы бойынша және ашық және жер асты өндірудің тиісті жылдық жоспары бойынша жүргізілуі тиіс.

164. Кен орындарын аралас қазу кезінде:

жыныстар мен жер бетінің сырғу және өзгеру ерекшеліктерін зерделеу және тау-кен қазбаларының әсер ету тұсын болжау;

карьер мен жер асты тау-кен жұмыстары арасындағы сақтандыру кентірегінің (табиғи немесе жасанды) өлшемдерін анықтау;

қазылған кеңістіктің жекелеген учаскелерінің (камераларының) үстіндегі төбенің қалыңдығын анықтау;

тірек кентіректерінің өлшемдерін есептеу;

тазалалу кеңістігінің жабынын ашудың шекті ауданын анықтау;

карьер ернеуіне қорларды қазып шығару кезінде оның тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін тиісті төсем тұрақтылығын есептеу;

қазылған кеңістікті толық толтыру қамтамасыз етілуі тиіс.

165. Карьерден күрделі және дайындық қазбаларын қазу кезінде желдету ағынын ауа құрамын бақылау қамтамасыз етілген кезде карьер кеңістігінен алуға болады.

166. Кен орындарын аралас қазу кезінде тау-кен жұмыстарын жүргізу шебі мынадай:

жер асты тазалау жұмыстары кезінде қазындыдан карьерге (тілікке) қарай;

ашық жұмыстар кезінде жер асты тазалау жұмыстарының даму шебіне қарай;

сілтілеу кезінде қазындыдан карьерге қарай немесе жер асты тазалау жұмыстарының даму шебіне қарай бағытта орналасуы тиіс.

167. Кен орындарын ашық және жер асты тәсілдерімен аралас қазуды жүргізетін ұйымдар авариялық-құтқару қызметімен бірлесіп газдың өтуі, судың жарылуы, тау-кен қазындысының өзгеруі ықтимал қауіпті аймақтардың шектерінде тау-кен жұмыстарының учаскелерін (орындарын) анықтауы және көрсетілген учаскелерде жұмыстың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қосымша іс-шараларды әзірлеуі тиіс.

168. Жер асты қазбаларының немесе карстарының болуы салдарынан ықтимал құлау немесе жарылу аймақтарында жұмыс істеу кезінде карьердің ернеулері мен топырақтың жай-күйін мұқият маркшейдерлік аспаппен бақылау жүргізілуі тиіс. Жыныстардың сырғу белгілері анықталған кезде жұмыс тоқталуы тиіс.

169. Карьер мен жер асты кенішінде бір тік қабатта бір мезгілде тау-кен жұмыстарын жүргізу кезінде мынадай шарттар ақталуы тиіс:

қазынды мен карьер ернеулерінің тұрақтылығын қамтамасыз ететін сақтандыру кентірегін қалдыру;

сақтандыру кентірегі қазындысының сырғуын (қирауын) болдырмайтын қазу жүйесін қолдану;

жаппай жару және олардың кентіректерге, төбелерге және ернеу кемерлеріне сейсмикалық әсер ету қуатын шектеу;

жару жұмыстарынан жер асты қазбаларына газдардың өтуін немесе оларды желдету жүйесімен соруды, сондай-ақ осы газдарды карьерге лақтыруды болдырмау;

жер асты қазбаларын қысымды толтырып желдету тәсілін немесе ашық жұмыс учаскелерінен төмендегі ауаны тартуды қамтамасыз ете отырып, аралас желдету тәсілін қолдану;

нөсер және жер асты суларын карьерден жер асты қазбаларына жарылуын болдырмау.

170. Бұрын жер асты жұмыстары жүргізілген және бос орындары бар (салынбаған камералар және басқалары) аймақтарда, құлау аймақтарында ашық

тау-кен жұмыстарын жүргізу жобалау құжаттамасы бойынша жүзеге асырылуы тиіс.

171. Карьер ернеулерінде кен қорларын жер асты тәсілімен пысықтау ашық жұмыстарды аяқталғаннан және ернеулерді шекті қалыпқа қойғаннан кейін жүзеге асырылуы тиіс.

172. Ашық және жер асты тау-кен жұмыстары арасындағы сақтандыру кентіректерін өңдеу кентірек пен карьер ернеулерінің бұзылуын болдырмайтын және жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шараларды орындағанда жобалау құжаттамасы бойынша жүзеге асырылады.

10. Пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты объектілерді консервациялау немесе тарату

173. Пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты объектілерді тарату немесе консервациялау жобалау құжаттамасы бойынша жүргізілуі тиіс.

174. Пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты объектілерді консервациялау аршу және дайындау жұмыстарын, ұңғымаларды техникалық бұрғылау, жер бетіндегі және жер асты құрылыстарын өндіруді қайта қалпына келтіру тиіс болған жағдайда пайдалану үшін жарамды және басқа да мақсаттарға жарамды күйге келтіру мүмкіндігін қамтамасыз ететін шараларды сақтай отырып, өндіру немесе дайындау жұмыстарын аяқтағаннан кейін жүзеге асырылады.

175. Пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты объектілерді тарату мыналарды:

жер асты және жер бетіндегі сулардың, жердің, ағаштар мен басқа да объектілердің гидро геологиялық режимінің бұзылуын;

тау-кен қазба аймағында орналасқан ғимараттардың, құрылыстардың, жер асты және бетіндегі коммуникациялардың зақымдануын;

жойылатын объектілердің қазбаларымен аралас қазбаларға су мен зиянды газдардың жарылуын;

жер бетінде қауіпті геомеханикалық үдерістердің (шөгінділердің, үйінділердің) белсенділігін;

ауыз су мақсатындағы жер асты сулары қорының ластануын және бұзылуын болдырмайтын шараларды қабылдай отырып жүзеге асырылуы тиіс.

176. Пайдалы қазбаларды ашық тәсілмен өндіруге байланысты қолданыстағы жер асты тау-кен қазбаларының үстіндегі объектілерді тарату немесе консервациялау судың жарылу, сондай-ақ жыныстардың құлау мүмкіндігін болдырмауды ескере отырып жүргізіледі.

177. Пайдалы қазбаларды ашық тәсілмен өндіруге байланысты объектілерді тарату бұзылған жерлерді қайта қалпына келтіру жұмыстарымен аяқталуы тиіс.

11. Кен орындарын қазу жөніндегі қызмет субъектілеріне арналған қауіпсіздік талаптары

178. Микроклимат өлшемдері, физикалық факторлардың деңгейлері, адамдар тұрақты және үздіксіз келетін жұмыс орны ауасындағы тозаң мен зиянды заттардың құрамы гигиеналық нормалардың талаптарына сәйкес болуы тиіс.

179. Карьерлер атмосферасының құрамы ауаның негізгі құрамдас бөліктері мен зиянды қоспалардың құрамы бойынша белгіленген нормативтерге сәйкес болуы тиіс.

Жұмыс істеу орындарында ауада 20 % көлемінде оттегі және 0,5 % аспайтын көмірқышқыл газы болуы тиіс; зиянды газдардың құрамы шекті рұқсат қосылымының шамасынан аспауы тиіс.

180. Пайдалы қазбаларды өндірудің өндірістік үдерістерін жүргізу кезінде зиянды өндірістік факторлармен күрес жөніндегі іс-шаралар жүзеге асырылуы тиіс. Кәсіби зиянкестермен күресу шараларының кешенін және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етпейтін өндірістік үдерістерді жүргізуге тыйым салынады.

181. Жұмыс істеу кезінде тозаң түзілетін және газ бөлінетін карьерлерде, тіліктерде едәуір тозаң түзілетін және газдар жиналатын орындарда тоқсанына бір реттен кешіктірілмей ауаны талдау үшін сынама алынады. Ауа сынамасын алу орны сынамаларды алу жоспарында белгіленеді.

182. Жұмыс орнында ауаның тозаңдануы және зиянды газдардың мөлшері шекті шамадан аспауы тиіс.

Карьерде зиянды газдардың немесе ауаның тозаңдану құрамы белгіленген нормалардан артық болса, барлық жағдайларда қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайын қамтамасыз ету шаралары қабылдануы тиіс.

183. Газдар мен тозаң бөліну орындарында олармен күресу шаралары қарастырылуы тиіс. Қолданылатын құралдар зиянды қоспалардың қосылымын тиісті түрде төмендетуді қамтамасыз етпесе, экскаваторлардың кабиналарын, бұрғылау станоктарын, автомобильдерді және басқа да жабдықты оларға тазартылған ауаны бере және артық қысым жасай отырып, герметизациялау жүзеге асырылуы тиіс.

Тозаң құрамы белгіленген шекті рұқсат қосылымынан артық жұмыс орындарында қызмет көрсетуші персонал тыныс алу органдарын жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз етілуі тиіс.

184. Табиғи ауа алмасуды ашық тау-кен жұмыстары объектілерінің нашар желдетілетін және тұнба аймақтарында қарқындандыру үшін желдету

қондырғыларының немесе басқа құралдардың көмегімен жасанды желдету ұйымдастырылуы тиіс.

185. Тау-кен қазындысын жылдың жылы маусымында экскавациялау кезінде тозаң түзілуді азайту үшін жарылған тау-кен қазындысын сумен жүйелі түрде суландыру жүргізілуі тиіс.

186. Тас кесу машиналарының, бұрғылау станоктарының, перфораторлардың, электрлік бұрғылардың тозаң аулайтын немесе тозаң басатын тиімді құралдарсыз жұмыс істеуіне тыйым салынады.

187. Тозаң түзілуін азайту үшін автомобиль жолдарының төсеміне тұрақты жыныстар салынуы тиіс. Барлық технологиялық жолдарда тозаң басу қолданылуы тиіс.

Жолдарды суландыру, тұтқыр материалдармен өңдеу мерзімділігі мен дәрежесін жыл маусымына және тау-кен геологиялық жағдайларға байланысты пайдаланушы ұйым белгілейді.

Қысқы уақытта жолдар жүйелі түрде қар мен мұздан тазартылуы және құм, шлак, ұсақ тастар төселуі және жолдарға су шашу үшін құраммен өңделуі тиіс.

188. Тозаң түзетін немесе бөлетін барлық өндірістік үдерістерде авариялық-құтқару қызметтері немесе зертханалар атмосфераның тозаңдануын бақылау ұйымдастырылуы тиіс.

189. Ашық тау-кен жұмыстарын жүргізу объектілерінде ауа сынамасын алу орындары мен мерзімділігі кестемен белгіленеді, бірақ тоқсан сайын кемінде бір реттен кешіктірілмей және жұмыс технологиясындағы әрбір өзгерістен кейін жүргізіледі.

Жұмыс орындарында шекті шамадан артық қосылымда зиянды газдар анықталған кезде жұмысты тоқтата тұру және адамдарды қауіпті аймақтан шығару тиіс.

190. Жаппай жару жүргізілгеннен кейін жұмысшылар мен техникалық персоналды карьерге жіберуді және жұмысты қайта бастау жаппай жару тәртібіне сәйкес және жұмыс орындарында улы газдардың құрамын тексергеннен және санитарлық нормаға дейін төмендеткеннен кейін ғана жүргізілуі тиіс.

191. Көмір, күкірт және құрамында күкірті бар сильвинит, кариолит және басқа да кендерді өндіретін ұйымдарда кен орындарының ерекшелігі мен жыныстарда қаныққан газдың болуына байланысты сутегі, күкіртті сутек және басқа да газдар бөлінділерімен күресу бойынша іс-шаралар жүргізілуі тиіс. Жұмыс аймағының ауасында зиянды газдардың болуын жүйелі түрде бақылау, сондай-ақ жұмысшыларға қышқыл және сілті суларының әсер ету деңгейін төмендету жөніндегі техникалық іс-шараларды жүзеге асыру тиіс.

192. Іштен жанатын қозғалтқыштары бар машиналардың пайдаланылған қалдық газдарында зиянды қоспалардың болуын бақылау және ашық тау-кен

жұмыстары объектілерінің жұмыс аймағында шекті рұқсат етілген улы қоспаларды қамтамасыз ету жүзеге асырылады.

193. Карьерлерде автомобильдерді, бульдозерлерді, тракторларды және іштен жанатын қозғалтқыштары бар басқа да машиналарды қалдық газдардың улы қоспаларын жоятын бұйымдарсыз пайдалануға тыйым салынады.

194. Карьер атмосферасының газбен ластану жағдайының алдын алу үшін көмір, күкірт және басқа да жанғыш қазбаларда өрт болған кезде жүйелі түрде өрттің алдын алу шаралары жүргізілуі тиіс.

12. Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету кезіндегі талаптар

195. Радиациялық астары жоғары пайдалы қазбаларды қазатын ұйымдар тау-кен жұмыстарын жүргізу орындары мен аумақтарында жұмысшыларды сәулеге түсіру мөлшерін анықтап, радиациялық бақылауды жүзеге асыруға және оларды төмендету және жұмысшыларды тиісті жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз ету шараларын жүргізуге міндетті.

196. Радиациялық бақылау мыналарды:

жұмыс және аралас жұмыс жүргізу аймақтарындағы радиациялық қауіпті факторлардың деңгейін;

радиациялық қауіптіліктің негізгі көздерін анықтауды және бағалауды;

радиациялық қауіпті факторлар кешенінің жұмысшыларға әсер ету дәрежесін; сыртқы ортаның радиоактивті заттармен ластану деңгейін және радиациялық факторлардың персонал мен өндірістік объект орналасқан аймақта тұратын халыққа әсер ету дәрежесін бағалауды белгілеуі тиіс.

197. Радиациялық астарды тексеруді жұмыс орындарында және басқа да аймақтарда бақылау нәтижелерін журналға тіркей отырып жүргізу тиіс. Жеке сәулеге түсіру мөлшері жұмысшының жеке карточкасына жазылуы тиіс.

198. Ашық тау-кен жұмыстарының кейбір аймақтарында шекті рұқсат қосылымынан артық радиоактивті қоспалар жиналған кезде мұндай аймақтарды ауа құрамындағы радиоактивті қоспаларды рұқсат етілген қосылым деңгейіне дейін төмендетіп жасанды желдетуді жүзеге асыру тиіс.

199. Технологиялық жабдық радиоактивті ластанған кезде оны зарарсыздандыру жүргізілуі тиіс. Мұндай жабдықты жөндеуге жіберер алдында дозиметрлік бақылау жүргізілуі тиіс. Радиоактивті ластанған жабдық міндетті түрде зарарсыздандыруға жатады.

200. Ашық тау-кен жұмыстарының технологиялық жабдығын зарарсыздандыру қатты жабыны мен арнайы сыйымдылықта су ағары бар алаңда жүргізілуі тиіс. Шайынды суды жер бетіне жіберуге тыйым салынады.

Шекті рұқсат етілген деңгейге дейін тазалауға жатпайтын жабдық радиациялық қалдық ретінде қаралуы тиіс.

201. Радиациялық астары жоғары тау-кен жыныстары мен қатты пайдалы қазбаларды басқа мақсаттарға арналған көлікпен тасымалдауға тыйым салынады. Ашық тау-кен жұмыстары объектілерінің аумағындағы мұндай қазбалармен жүргізілетін барлық операциялар тозаң басу құралдарын пайдалана отырып жүргізілуі тиіс.

202. Радиациялық ластануы жоғары кендер сұрыпталатын және жиналатын өндірістік аймақтарды тұтас периметрі бойымен қоршау қажет. Оларға кіру және өту жолдарын тыйым салатын белгілерді орнатып, күзету тиіс.

203. Өндіріс қалдықтары радиоактивті санатына жататын ұйымдарда оларды жинау, уақытша сақтау және көму ұйымдастырылуы тиіс.

204. Радиоактивті астары жоғары пайдалы қазбаны өндірумен айналысатын персонал санитарлық-тұрмыстық қызмет көрсету кезінде жеке ағысқа бөлінуі және тері қабаттарының тазалығы радиометрлік бақылауға алынуы тиіс.

205. Ықтимал тозаң түзу және радиоактивті аэрозольдердің радиоактивті астары жоғары жыныс үйінділерінің үстінен құлауын болдырмау үшін оны қалыңдығы кемінде 0,5 м топырақпен жабу тиіс.

Топырақ суларының радиоактивтілік деңгейін бақылау үшін үйінді периметрі мен топырақ сулары ағысының бағыты бойынша байқау ұңғымалары көзделуі тиіс. Ұңғымалардың орналасу орны мен саны гидрогеологиялық жағдайларға байланысты жобамен анықталады.

13. Техникалық регламентті қолданысқа енгізу мерзімдері мен шарттары

206. Осы Техникалық регламент қолданысқа енгізілген сәттен бастап Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы нормативтік актілер оларды Техникалық регламентпен сәйкес келтіргенге дейін Техникалық регламентке қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

207. Осы Техникалық регламенттің талаптарын орындау үшін қолданылатын стандарттау бойынша нормативтік құжаттар және олардың құзыреті шегінде қалыптастырылған мемлекеттік органдардың өзге де құжаттары Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласында бекітілген заңнамаларымен белгіленген тәртіпте үйлестірілуге жатады.

208. Орталық және жергілікті атқарушы органдар өздерінің нормативтік құқықтық актілерін осы Техникалық регламентке сәйкес келтіруді, сондай-ақ оларды бейімдеп енгізуді қамтамасыз етсін.

209. Осы Техникалық регламент алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК